

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелі кешені</p>	<p>Басылым: төртінші</p>
---	--	-------------------------------------	--------------------------

№1 Лекция

Жоспары:

1.Кіріспе.

2.Географиядағы алаптық тәсілдің тұжырымдамасы

3.Ішкі ағындының алаптық геожүйелерін зерттеу

Сабақтың мақсаты: Географиядағы алаптық тәсілдің тұжырымдамасы мен ішкі ағындының алаптық геожүйелерін зерттеу.

Алаптық тәсілдің негізін салушы ағылшын ғылымы Р.Хортон болып саналады. 1948 жылы жарияланып шыққан «Өзендер мен су жинау алаптарының эрозиялық дамуы» кітабында өзен алаптарын эрозиялық кешендер ретінде қарастырған. Хортон өз идеяларының алғышарттарын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында ғылыми зерттеулермен айналысқан Д.Плайфердың ғылыми еңбектерінде тапқан. Д.Плайфердің өзен алабына қатысты тұжырымдары: а) кез-келген өзен кіші салалармен қоректенетін басты ағысқа ие; ә) олар бірігіп өзен аңғарлары жүйесін құрайды және бірыңғай дамиды; б) өзен аңғары әрқашан өзен параметрлеріне сәйкес пішінге ие; в) өзендердің бір-біріне құюы еңіс бұрышына тәуелді.

Р.Хортон ұсынған өзендер алаптарының анализ жасау бағыттары: өзен жүйесінің ретін анықтау, жүйенің құрылымын зерттеу, флювиалды процесстегі алап рөлін зерттеу. Анализдің басты әдісі ретінде ғалым су ағындарын кодтау жүйесін ұсынды.

Кейіннен бұл жүйені А.Стралер, В.Философов, Н.Ржаницын, А.Шайдеггер, Р.Шрив дамытты. Ресейде алаптық тәсілдің пайда болуын В.В.Докучаев пен А.А.Вирский ғалымдарымен байланыстырады. А.А.Вирский алғаш болып геоморфологияда эрозиялық бедерді зерттеген кезде басты типологиялық бірлік ретінде өзіне тән байланысқан элементтерге ие (беткейлер, арналар), біртұтас су жинау алабына ие мен өзінің даму заңдылықтарына ие эрозиялық кешенді қарастыруды ұсынды.

Жоғарыда аталған барлық ғалымдар алаптық тәсілдің геоморфологиялық бағытын, яғни өзен алаптарын геоморфологиялық жүйелер ретінде қарастырған. Осы идеяны сонымен қатар А. Шоллей, Н.С. Бевз, Ю.Г. Симонов, Т.Ю. Симонова, О.В. Кашменская, И.Г. Черванев, Р.С. Чалов, И.П. Ковальчук, Р.А. Кравченко, В.И. Шмыков және т.б. ғалымдар қолдайды.

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелі кешені</p>	<p>Басылым: төртінші</p>
---	--	-------------------------------------	------------------------------

“Алаптар ауданы бойынша үгілу мен зат қозғалысының нәтижесінде жер бедері мен борпылдақ шөгінділер бір уақытта дамиды. Ағынды жер бедерінің ерекше түрлерін қалыптастырады. Жалпы барлық құрлық өзен алаптарының бірыңғай байланысқан жүйесі болып табылады, бұл тұжырым алаптық тәсілді кез-келген географиялық зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді” (Корытный)

Геоморфологиялық бағыттың дамуына үлкен үлес қосқан Ю.Г.Симоновтың айтуы бойынша қазіргі кездегі басты осы бағыттың басты мақсаттары: геоморфологияның ғылыми зерттеулер жүйесіндегі алаптық тәсілдің орнын анықтау; алаптар құрылымын анықтау жұмыстары, әртүрлі реттегі алаптар жасын анықтау; өзен жүйелерінің даму тарихын зерттеу; ішкі алаптық пен алапаралық байланыстарды басқару мен реттеудің ақпараттық қамсыздандыруын қамтамасыз ету.

Алаптық тәсілдің геоморфологиялық бағытынан басқа бағыттардың ішінде, 1971 жылы А.Г.Булаков ұсынған су балансы жүйесі бағыты болып табылады. Өзен алабы су балансы жүйесі және ол атмосфералық жауын-шашынды су балансының басқа элементтеріне айналдырады. И.Н.Гарцман мен М.И.Львович ғалымдары да бұл бағытты ұстанған. А.П. Кулаков, Д.А. Лилиенберг, Г.Ф. Уфимцев, В.А. Брылев, Г.И. Раскатов, К.И. Геренчук ғалымдары өзен алаптарының өзара байланысы мен геологиялық құрылымын зерттеді. Бұл ғалымдар ірі геологиялық жарықтар мен ірі өзен аңғарларының орналасуындағы сәкестіктерді тапты. Г.И.Раскатовтың айтуы бойынша өзен алабының басты орографиялық элементтері оның геологиялық фундаментінің ерекшеліктерін толық қайталайды. К.И.Геренчукке сәйкес тектоникалық құрылымдар өзен аңғарларының қалыптасу орнын анықтайды, ал олардың кейінгі қозғалысы аңғарлардың дамуына әсер етеді.

Өзен алаптарының ерекшеліктеріне өзен алабын тұз жинау алабы ретінде қарастыратын геохимик ғалымдар да назар аударады. Б.Б.Полынов геохимиялық ландшафттарды “су ағындары арқылы байланысқан жер қыртысы учаскелері”(Корытный) ретінде қарастырады. А.Перельман бойынша геохимиялық ландшафт – бұл элементтер миграциясы арқылы өзара байланысқан қарапайым ландшафттардың парагенетикалық жүйесі. М.А.Глазовская ландшафтты геохимиялық арена терминін ұсынды – ортақ су жинау мен тұз жинау алабы арқылы шектелген ландшафтты-геохимиялық катендердің жиынтығы. М.А. Глазовская, А.И. Перельман мен Н.Л. Чепурко өзен алабын ластаушы заттарды санау балансы, өзі-өзінен тазартатын қоршаған орталар мен токсикалық элементтердің негізгі бірлігі ретінде қарастырады.



Өз алаптарын геоөсімдікті жүйе ретінде И.А.Титов, геожүйе ретінде Л.М. Корытный, С.Я. Сергин, В.М. Смольянинов, А.Ю. Ретеюм, К.Н. Дьяконов. С.А. Смирнов, ландшафттарды теріске шығарып өзен алаптарын зонашілік жалғыз географиялық қалыптасулар ретінде Мильков, биосфераның басты элементтері ретінде С.П.Горшков, географиялық аудандастырудың ең қолайлы бірліктері ретінде А.Г.Александров, геоақпараттық жүйе ретінде А.Д.Арманд – өзен арнасы – байланыс каналы. Жоғарыдан төменге қарай борпылдақ зат ретінде ақпарат беріледі, төменнен жоғарыға қарай жанасатын су жинау көзінің көлемінің өзгеруі жайлы ақпарат беріледі. Террасалар мен аллювий құрылымы – бұл жүйе жады.

Өзен алабын табиғи жүйенің оқшауланған жүйесі ретінде В.М.Смольянинов (1996) қарастырады. Ғалым алаптық тәсілді жер асты суларын мен негізгі су тасу горизонттарының экологиялық жағдайын бағалауда, сонымен қатар адам шаруашылық әрекеті мен су қорғау шараларын жоспарлау кезінде пайда болатын теріс салдарларды болжау кезінде пайдалануды ұсынды.

Л.М.Корытный пайымдауынша өзен алабы қоршаған ортаны басқару мен жер табиғаты мен экономикасын көпсалалы зерттеуге арналған биосфераның ең қолайлы кеңістіктік бірлігі. Бұл ғалым алаптық тәсілдің басты қағидаларын жасаған.

Осылайша алаптық тәсіл қазіргі кезде ғылыми бағыттардың өте маңызды бөлігіне айналды. География ғылымында туындап, қазірде топрыақтану, экология, геология, геоморфология мен басқа да аралас ғылымдардың өте маңызды құралы болып саналады. Алаптық тәсіл өзара тәуелсіз дамиты бірнеше ағымдарға бөлінді: геоморфологиялық, геологиялық, геожүйелік және т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Алаптық тәсілдің негізін салушы ағылшын ғылымы.
2. Өзен алабын табиғи жүйенің оқшауланған жүйесі
3. Өз алаптарын геоөсімдікті жүйе ретінде
4. Өзен алаптарының ерекшеліктеріне
5. Алаптық тәсілдің геоморфологиялық бағытынан
6. Геоморфологиялық бағыттың дамуына үлкен үлес қосқан Ю.Г.Симоновтың
7. В.В.Докучаев пен А.А.Вирскийдің еңбектері.
8. Б.Б.Полынов геохимиялық ландшафттар зерттеулеріне талдау жасаңдар?
9. А.Перельман мен М.А.Глазовскийдің геохимиялық ландшафт зерттеулері?
10. Ландшафттардың парагенетикалық жүйесі.

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелі кешені</p>	<p>Басылым: төртінші</p>
---	--	-------------------------------------	------------------------------

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Геренчук К. И. Тектонические закономерности в орографии и речной сети Русской равнины / К. И. Геренчук / Львов. гос. ун-т. – Львов, 1960. – 242 с.
2. Глазовская М. А. Геохимия природных и техногенных ландшафтов СССР / М. А. Глазовская. – М.: Высшая школа, 1988. – 327 с.
3. Жекулин В. С. Введение в географию: учеб пособие / В. С. Жекулин / Ленинград. гос. ун-т. – Л., 1989. – 272 с.
4. Кoryтный Л. М. Бассейновая концепция в природопользовании / Л. М. Кoryтный. – Иркутск : Изд-во Института географии СО РАН, 2001. – 163 с.
5. Мильков Ф. Н. Физическая география: учение о ландшафте и географическая зональность / Ф. Н. Мильков / Воронеж. гос. ун-т. – Воронеж, 1986. – 328 с.
6. Перельман А. И. Геохимия ландшафта: учеб. пособие для студентов геогр. и геолог. спец. ун-тов / А. И. Перельман. – 2-е изд. – М.: Высшая школа, 1975. – 342 с.
7. Подколзин В. В. Географической подготовке в ВГПУ 70 лет / В. В. Подколзин, Т. М. Худяк ова, В.И. Шмыков // Эколого-географические исследования в речных бассейнах: материалы второй всерос. науч.-практ. конф. / Воронеж. гос. пед. ун-т. – Воронеж, 2004. – С. 3-8.
8. Раскатов Г. И. Геоморфология и тектоника территории Воронежской антеклизы / Г. И. Раскатов / Воронеж. гос. ун-т. – Воронеж, 1969. – 164 с.
9. Симонов Ю. Г. Современные проблемы геоморфологии речных бассейнов / Ю. Г. Симонов [и др] // Эколого-географические исследования в речных бассейнах: материалы междунар. науч.-практ. конф. / Воронеж. гос. пед. ун-т. – Воронеж, 2001. – С. 5-8.
10. Смольянинов В. М. Комплексная оценка антропогенного воздействия на природную среду при обосновании природоохранных мероприятий / В. М. Смольянинов, П. С. Русинов, Д. Н. Панков / Воронеж. гос. аграр. ун-т. – Воронеж, 1996. – 126 с.
11. Смольянинов В. М. Подземные воды Центрально-Черноземного региона: условия их формирования, использование: монография / В. М. Смольянинов / Воронеж. гос. аграр. ун-т. – Воронеж, 2003. – 250 с.